

2026 жылға тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесін және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормаларын бекіту туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 15 сәуірдегі № 2/225 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27 бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20209 болып тіркелген) бұйрығымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 5, 64 тармақтарына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026 жылға тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялар нормалары бекітілсін.

2. "Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

2) осы қаулыны Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Әзірлеуші:

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы

Келісушілер: Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысы

Алматы қаласы әкімі аппараты

заң бөлімінің басшысы

Д. Сатыбалды

Б. Мәндібаев

О. Смағұлов

Е. Исабеков

Г.Мырзабекова

2026 жылға тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) субсидияланатын түрлерінің тізбесі және тыңайтқыштарды сатушыдан сатып алынған тыңайтқыштардың 1 тоннасына (литріне, килограммына) арналған субсидиялардың нормалары

№	Субсидияланатын тыңайтқыштардың түрлері	Тыңайтқыштың әсер ету заттарының құрамы, %	Өлшем бірлігі	Субсидиялар нормасы, теңге/ тонна, литр, килограмм
1	Аммиак селитрасы	N - 34,4	тонна	81 000
	Б маркалы аммиак селитрасы	N - 34,4		
2	Тазартылған күкірт қышқылды калий (калий сульфаты)	K2O-53, SO3- 45	тонна	190 000
	Калий сульфаты (Krista SOP)	K2O-52, SO3- 45		
	Калий сульфаты	K2O-51, SO3- 45		
	Калий сульфат агрохимикаты	K2O-52, SO3- 45		
3	Монокалийфосфат агрохимикаты	P-52, K-34	тонна	499 000
	Krista МКР тыңайтқышы (монокалий фосфаты)	P2O5-52, K20-34		
	Монокалий фосфат	P2O5-52, K20-34		
4	Yara Liva ТМ Calcinit тыңайтқышы (кальций нитраты)	N- 15,5, NH4-1,1, NO3-14,4, CaO-26,5	тонна	187 500
	Yara Liva ТМ Calcinit кальций нитраты	N- 15,5, NH4-1,1, NO3-14,4, CaO-26,5		
	Кальций нитраты	N-17; CaO-33		
	Кальций нитраты (кальций селитрасы), А маркасы	N-14,2; Ca-79		
	Концентрацияланған кальций нитраты	N-17; CaO-32		
5	ДТТПА Fe маркалы "Хелатэм" микротыңайтқышы	Fe-16	килограмм	2 901

	ДТПА Fe маркалы "Хелатэм" микротыңайтқышы	Fe-11		
6	ДТПА Zn маркалы "Хелатэм" микротыңайтқышы	Zn-15	килограмм	2 008
7	ДТПА Mn маркалы "Хелатэм" микротыңайтқышы	Mn-13	килограмм	2 008
8	Аммофос	N-12, P-52	тонна	120 000
9	УраVita BORTRAC 150	N-4,7, B-11	литр	2 150
10	Күкірт қышқылды 7-сулы магний	MgO-16,4, S-12,9	тонна	169 643
	Күкірт қышқылды 7-сулы магний (магний сульфаты)	(MgO-16,7, S-13,3)		
	Күкірт қышқылды 7-сулы магний (магний сульфаты)	(Mg-16, S-13,3)		
	Күкірт қышқылды магний (магний сульфаты)	MgO-29,1-29,8; S-23		
11	Krista K Plus тыңайтқышы (калий нитраты)	N-13,5, NO3-13,5, K2O - 45,5	тонна	357 143
	Калий нитраты	N-13,5, K2O -46		
	СХ маркалы техникалық калий селитрасы	N-13,5, K-37,6		
12	Күкірт қышқылды 7-сулы магний	MgO-16,4; S-12,9	тонна	169 643
	Күкірт қышқылды магний (магний сульфаты)	MgO - 29,1-29,8; S-23		